

Егемен Қазақстан

Жолдасбеков М., Досжан Д.

Әкім әлемі



Бүгінде кемеліне келген үлкен қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әкім Таразидың жеткен биігі – ұясын бұлтқа салған алып қыранның келбетін көз алдымызға елестетеді. Осындай биікке жазушылық өнерінің арқасында жетті.

Жазушы болу – жан азабы. Жазушы болу – ұлы мұрат жолындағы үлкен жауапкершілік сезімін арқалау, айта берді азаматтық арға ақау түсірмей өту. Егер осының барлығын өз жүрегіңізден өткізіп, ғұмырлық ұстанымыңызға адал бола алсаңыз ғана шын жазушысыз.

Жазушы өмір бойы шындықпен бетпебет келеді, шындықпен тайталасып өтеді.

Мұның өзі қылыш жүзінде ғұмыр кешумен бірдей. Шын жазушы мен жалған жазушының айырымы осында.

«Жазушы үшін өз заманының шежірешісі болу – бақыт», деп Бальзак айтқан пәлсапалық ойдың аясында тағатсыздана отырып табандылықпен жұмыс істеген жазушы бар. Бірақ ондай қаламгер көп емес. Көбі орта жолда, тағдырдың бұралаң жолында адасып қалып қойды. Небір классик дегендерінің өзі өмірдің сол бір бұрысынан шыға алмады. Әкімнің соқпағы өзгеше. Өзі өмір сүріп отырған дәуір адамдарымен де, өзінен кейін келе жатқан ұрпақпен де сырласа алатын терең ойлы, тірі сөздің шебері талай-талай кітапты, сан алуан әңгіме, хикаят ты жазу барысында небір батыл қадам дарға барды, жаны ауырып, жүрегі сыздады.

Бір сұхбатында Әкім: «Бұрынғы Кеңес мемлекетінің құрамында болған елдердің жағдайы бір-біріне өте ұқсас. Саяси, экономикалық жағдай болмасын... Орыстың интеллигенциясы өте күшті. Халықты бастап, алға жетелеп отырады. Біздің зиялы қауым да олардан кем емес. Зиялы қауым қазақта бар. Бірақ, зиялымыз деп жүрген зиялысымақтар шын зиялыларға көлеңке түсіріп жүр. Батыр болып көрінгісі келеді олар. Біз әлі зиялы деген ұғымды дұрыс түсіне алмай келеміз. Қайталап айтамын, зиялылар бізде бар. Шын мағынасында ұлты үшін, елі үшін басын бәйгеге тігіп жүрген зиялылар бар», – деп жазды. Рас, зиялы дегеніміз – сөзді түсінетін, сөз қадіріне жете алатын, халықтың қасиеті мен кепіетін жүрегіне салып салмақтай білетін жан. Ал кітап жазғанның барлығы зиялы емес. Тағы бір сөзінде: «Елордада сол зиялы деп танылатын қауым бас қосатын жер жоқ. Негізінен, зиялылар бас қосатын жер – Жазушылар одағы. Алматыда не болып жатқанын білмеймін. Астанаға көшіп келгеніме 10 жыл болды. Біз сығандардың тағдырын кешіп жүрміз. Қиналып жүрміз», – деп ашына айтқаны бар. Нағыз жаны ауырып жүрген зиялының сөзі.

Қаламына сүйенген жазушының одан басқа сүйенері де, таянары да жоқ. Бар шындықты бүкпесіз, бетің бар, жүзің бар демей, ашық айта салады. Әкімнің әуел бастан бойына біткен мінезі осы. Ол біреуге жалынуды, біреуге өктемсуді білмейді. Жасымыздан жақсы танитындықтан ба, Әкімнің жан дүниесі бәрімізге жақ сы таныс. Көркем сөздің хас шебері Ғабит Мүсіреповтен бата алып, қалың оқырманның құрметіне ие болған кезінен білеміз.

Алғашқы кітабы, яғни «Құйрықты жұлдыз» повесі 1966 жылы жарық көрді.

Бұдан кейін де «Үлкен ауыл» (1968), «Асу-асу» (1970), «Көкжиек» (1980), «Басынан Қаратаудың» (1984) повесть- әңгімелер, «Қыз махаббаты» (1982) пьесалар жинағы, «Бұлтқа салған ұясын» (1978), «Тасжарған» (1980), «Кен» (1986), «Жаза» (1998), «Шер» (2000), «Махаббат жыры» (2001) секілді сүбелі дүниелері жарық көріп жатты. Кітапсүйер қауымды сүйсіндіре, сөзіне иландыра білді.

Қадап айтарымыз, жазушының қалам ұстағалы бері қазақ болмысының жоқшысы болып келе жатқандығын айнадан көргендей қапысыз түсінесіз. Иланасыз, құп аласыз.

Әкімнің кино саласына келуіне Ғабит Мүсірепов үлкен қолдаушы әрі қамқоршы бола білді. Бұл жайында жазушының өзі талай мәрте мақтанышпен айтып келеді.

«Киноның өз адамымын деп айтуға толық хақым бар. Бірақ өзімді 100 пайыз киногермін деп санаған кезім болған жоқ. Егер сәл шегініс жасасақ, мені Мәскеуге оқуға жіберген Ғабит Мүсірепов ағамыз еді. Сол кісінің қолдауымен оқуға баратын болдым. Содан бір күні арнайы қабылдау комиссиясының бастығы: «Мәскеуге бару үшін ғана сен киноны өте сүйемін деп тұрсың ба?» – деді. «Жоқ, мен киноны сүймеймін», – дедім іле жауап қатып. «Онда оқуға неменеге барасың?» – деді ол. «Кейде бір әңгімеге, повеске сый-майтын сюжеттер болады. Оны киноға арнап жазсаң, ұтымды көрініп тұрады.

Көп қимылды суреттеуге тура келетін сюжеттерді кинода пайдаланған дұрыс қой деп ойлаймын», – дедім. Сөйтіп едім, отырғандар ішек-сілесі қатып күлді. Кейіннен екеуінен де дәріс алдым, жақсы ұстаз болды жарықтықтар. Бірі – Михаил Юрьевич Блейман, екіншісі – Василий Иванович Соловьев. Олар менің соншалық ты батыл әрі дөрекілеу естілген жауабы ма риза болысты. Сосын Соловьев оқуға қабылданғанымды білдіріп: «Екі күннің ішінде Мәскеуге жет, сабақ басталады», – деп жергілікті басылымның бірі не берген сұхбатында айтқаны жадымызда.

«Қазақ үшін кино саласы дәл қазіргі проза, не болмаса поэзия жанрындай кемеліне жете қойған жоқ. Өзге елдерді мысалға алар болсақ, олар кино түсіру жағынан шебер болып келеді де, әдебиет өнерінен кенже қалып жатады. Бізде керісінше. Кино саласы бізде күні бүгінге дейін кеш дамып келеді. Сценарийдің жазылмауынан ба, әлде басқа да себептер бар ма? Ол жағын өз басым бағамдай алмаймын. Себебі, мен кинотанушы емеспін ғой», – дейді Әкім кезекті бір сұхбатында.

Мұнымен қоса, қаламгердің зерттеушілік қабілетін ерекше атап өтер едік. Ол – ойдан түйін түйетін логик. Мағынасы зор, оқыған сайын оқи түскің келетін дүниелердің авторы ізденуге келгенде қамшы салдырмайды. Көздеген тақырыбының соңына шам алып түсіп, түбіне жеткенше қазбалап жазатын жан.

Жаңа мыңжылдық басында қалың оқырманды таңғалдырған шығарма сының бірі – «Жаза» романы.

Адам өмірінің айнасы – отбасы. Отбасы, ошақ қасында адам баласы балаларын өсіріп, тәрбиелеп қанат қақтырады.

Жазушының бұл шығармасы трагедиялық ахуалмен басталады. Автор негізгі идеяны – отбасылық мәселесін ала отырып, оның ішінде ұлт болып өмір сүруде де сынға түсетін жағдай жиі кездесетінін қадап айтады.

Шығарма кейіпкерлерінің де есімдері құлаққа жат естіледі. Басты кейіпкер – ауған соғысының ардагері құдайды аузына жиі алатындығы мен қызмет істейтін мекемесіне қарап кеңес дәуірінде өмір сүрген қазақ екенін жазбай тануға болады. Роман барысында кейіпкеріміз Або есімімен қарекет етеді. Әйелі Зоро, балалары – Боло, Айно. Шығарманың жапондық психологиямен жазылғандығы болар, кейіпкерлер есімі де

шығысқа тән, жақын. Шығарманың моделі, концепциясы социалистік реализм әдісімен әлеуеттік талдауға бармайды. Өмірдегі өзгерістерді жырлап, жаңа мен ескінің тартыс күресіне де килікпейді. Есесіне бұрын қатты сынға алынатын фрейдизм философиясының исі аңқитын құбылыстарға толы. Бас кейіпкер Абоның адами келбетін соғыс талқандап тастаған. Ол енді бейбіт өмірге келгенде момын ғана күзетші кейпіне енеді.

Небәрі жүз бетке жетпейтін роман шиыр шық атқан күретамыр оқиғаға толы. Шығарма Әкімнің кесте тоқығандай шеберлігін аңғартады. Өзіндік ерекшелігі басым.

Жиырмасыншы ғасырдың соңындағы адамзат тарихы үшін аса қатыгез жаза – ауған соғысы туралы әрі көркем шежіредей толымды туынды болды. Ауған соғысы – бейқам тұрмыс құрған қарапайым халықтың жүрегіне өшпес сызат салған тарихи оқиға. Бұлай дейтініміз: Кеңес Одағын ортақ шаңырағымыз деп сенген талай отбасы боздағынан айрылып аңырап қалды. Қантөгіс қырғынды дұшпанына да тілемейтін қазақ қауымына ауыр тигені анық. Сол соғыстың қалай басталып, немен біткенін әлі ешкім тап басып айта алмайды. Шығарманың өн бойында соғыстан аман-есен қайтып оралған солдаттың басындағы үрейлі тағдыры оқырманды жіпсіз жетелейді. Сол үрей кітап бетін жапқан соң да бойыңыздан көпке дейін тарқамайды.

Роман кіріспесінде автор шығарманы оқып шығу оңайға түспейтінін алдын ала ескертеді. Міне, жазушының құпия шеберлігі. Кітаптың кіріспесін оқу да кісіні магнит өрісіне түскендей әсерде ұстайды.

«Жаза» – автордың өзіне де, өзгеге де қатал талабынан туған шығарма. Жазушы өзін де, өзгені де аямайды. Бұған Әкімнің: «Мен шығармаларымды заманға, болмаса жекелей біреуге ұнайыншы деп жазған емеспін. Табиғатымнан қатал жазушымын. Заманды да, адамды да аямаймын», дейтіні осы айтқанымыздың дәлелі.

Қарапайым солдаттың іс-әрекеті қаздай тізіліп көз алдымыздан өтеді. «Жаза» романында ерлік деген сөз еш ауызға алынбайды. Мұндағы әңгіменің төркіні бөлек.

Соғыстан келген солдаттың басындағы мүшкіл халді, психикалық ауытқуды жазған мұндай дүние қазақ топырағында бұрын-соңды болған емес.

Ауған соғысын басынан аяғына дейін өткерген, кейін Чернобыль апаты зардаптарын жоюға өз еркімен қатысқан Або (Қараспанов) қасындағы кісілерге, тіпті өз отбасына да қара аспан болып төнеді.

Роман бас кейіпкерінің ақырғы демі шыққан сәтінен, құрбан болған үш адамнан басталады. Біріншісі – күзетші болып істейтін Або, екіншісі – балабақша меңгерушісі Анна Андреевна, үшінші кейіпкер – аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Байбақ Малышбаев және «пайдагер» Нүрдін Саидов. Шығармада бұл адамдар не үшін, нендей қылықтары үшін жазаланғаны айтылмайды. Оқырман үшін бұл сұрақтар жауапсыз қала береді.

Тек үш бірдей кісіні әлдекім аяусыз, жауыздықпен әрі қаныпезерлікпен бастарын малша бауыздап, қатар жатқызып кеткені мәлім болады. Оқиға желісінде сол «әлдекімнің» Анна Андреевнаның күйеуі екені ашылады. Ащы суға тойып алып, өлесі мас болып жатқан жерінен өз үйінде ұсталады. Үш адамның басын қиған ақ балта әлгі үйдің босағасында сүйеулі тұрады. Қылмыскер табылды. Қаны сорғалаған қаныпезерлік деп осыны айтамыз.

Қазіргі шетелдік кинодағыдай қатыгездік әрі жауыздықпен басталған оқиғаны әрі қарай оқуға жүрегіңіз дуаламай қалуы әбден мүмкін. Әйтсе де ашылмаған сыр, құпия оқиға желісі қаншалықты қорқынышқа толы болса, оқырманды ылғи жіпсіз жетелеп ілестіріп отырады. Бұл – прозашының әккі әдісі.

Басы кесіліп қарая бастаған үш мәйіт. Шала бауыздалған малша мойынға білінер-білінбес қара сызат түскен... жердегі сары кілемге азғана қан тамған... тосын көрініс өне бойыңды суытып, қорқынышты сезімге бөлейді. Есі кіресілі-шығасылы, өзінің өлі-тірісін айыра алмай жатқан күзетші, ауған соғысының майдангері Або ақылға сыймайтын сөз айтады. Або күзетші бұл үшеуінің қалай өлгенінен бей-хабар. Еденде жатқан үш

бірдей мәйітті нұсқаған жас жігіт: «Өте шебер, кәсіби жұмыс!» деп өзінің салқынқанды мінезін танытып селт етпейді. Бұл оның ауған соғысында жүріп қан кешкендігі.

Жазушы шеберлігін шығарманы оқу үстінде оқиганы беру тәсіліне қарап танысыз, тәнті боласыз.

«Жаза» романы – ұлттық әдебие тіміздің жаңа сатыға көтерілгендігін айғақтайтын шығарма. Өмір шындығын игерудің жаһандық тәжірибесімен ұштасқан, қанық бояулы көркем туынды. Мәртебелі сыйлық алған осынау шығармасын оқып отырғанда, оның жапон әдебиетіндегі фрейдизм философиясының құбылысына қатты зер салғандығы анық байқалады. Жапон жазушысы Кобо Абэ: «Тәртіп, әдет-ғұрып пен әдеби заңдылық сақталмаса, шығарма ақпа құмнан үйе салған қорғанға ұқсайды. Сәл ғана көтерілген желден үйіндіге айналады», – дейді. Өкім Тарази осы принципті берік ұстанған.

«Жаза» романы әділетсіз соғыс адамның жылдар бойғы тірнектеп жинаған тым нәзік, тым жұқа өркениет қабығын бұзып-жарып, адамшылық ұсқынын өзгертіп жіберетін кеселін боямасыз баян етуімен қымбат. Соғыс зардабын, жан дертін өзге полюстен ашып көрсетуімен жаңашыл.

«Қазақтың 100 романы» сериясымен қайта басылып шыққан «Тасжарған» романының оқиғасы негізінен Өртас қаласында өтеді. Алтай өңіріндегі орыс, қазағы аралас өндірісті қала. Бас кейіпкері білімді инженер, коммунистік идеологияның қазанында қайнап піскен маман, депутат Омар Балапанұлы, Аблез, Рәзия, Матеков, Ұлме кен, жазушы-журналист – Әли Есентаев, Мирас Құдабаев, Мамыржан, Қадиша, өзге де толып жатқан қосалқы кәсіпкерлер. Тұтас өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қилы-қилы болмыс иелері.

Оқиға сол қалаға өмірді зерттейміз деген сылтаумен Әли мен Мирастың келуімен басталады. Әрі қарай оқиға шиеленісе түсіп, әрбір кейіпкердің жан әлеміне, табиғатына, адамдармен қарым-қатынасына тастай батып, судай сіңеді. «Ошақтағы қоздың үстіне қурай салсаң бықсымай, түтінсіз, жалынсыз, шытырлап бауырынан ғана жанып, қоздың үстіне шоғы түсе береді, үрлемесең, жел тимесе солай-ақ жанып таусылады, сәл ғана үрлесең, сәл ғана леп тисе бітті, лап ете қалады, түтіні де шығады, жалыны да шығады. Омардың қазіргі халі сондай еді, лап етіп өрт шығуына өзі себепші болған». Автордың өзі мезегендей, шығармада кейіпкерлер өзімен өзі болып, өмір арбасын өз білгенінше сүйреген бірсыдырғы, кеңқолтық, можантопай жандар болып көрінеді-дағы; сәл ғана үрлесең, лап етіп түтіні де шығады, жалыны да шығады. Яғни, көз алдыңызға көлбең етіп болмысы ашылады, жақсы, жаман мінез қыры сөйлейді. Жазушының мына кейіпкері ұнамды, ортасына сөзі уәлі, жалқау, кісіге жаны ашымайтын қаныпезер деп бөле-жарып айта алмайсыз. Етегіне намаз оқыған бейкүнә, періштені де таппайсыз. Көңіл күйі келгенде, бабы табылған кезде бәрі де жолдан таяды, яғни жер басып жүрген пенделік болмысы ашылып жатады.

Өкім Тарази не жазса да санамен жазады. Бұлтартпай, шын жазады. Осы ретте жазушының үш түрлі ерекшелігін атаған жөн. Бірінші, кейіпкерлерінің басым көпшілігі мына өмірге романтиктің көзімен қарайды. Барынша сенгіш, иланғыш, ізденіп жүреді. Әйтсе де, жұрт жүрген шұбырынды жолмен томпаң қағып кете бермей, өзінше жол іздеп, өмір соқпағын басқаша, өзгеше сызуға талпынып жүрген өлермен, жанкешті жандар. Өзін де, өзгені де аямайды. Екінші ерекшелік: кейіпкерлер бірсыдырғы қалыпты емес. Бейне қыл көпірдің үстімен жүріп келе жатқан даршы секілді, титтей қалыптан шықса, шыңырауға құлайды, не аяғы аяғына жұқпай арғы жағалауға жетіп жығылады. Оқырманды қос үрей кепте толғаныс, ашыну, опыныс үстінде ұстайды. Үшінші ерекшелігі: көпшілігі жұрт танып-білген қалыпқа сыймайды, оқшау, оқыс қылыққа үйір. Қалыпқа сыймайтын әрекетке барады, жоқ дегенде өзінше өзгеше ұпай жинап, жұрт алдына түскісі келеді. Роман кейіпкерлері алда үлкен бір қоғамдық өзгерісті, сілкіністі күтетін секілді. Тыныш, тұйық, жаймашуақ жатқан көл бетіне тас тастап жібергендей

әсерге бөленесіз, әлденені күтіп елегізісіз... әлденеге іш жиясыз... секем аласыз... қалыптан тыс әрекетті күтесіз. Өзгерістен, келеңсізден жаңалық күту – қаламгер стихиясы.

Әйтпесе коммунистік моральдің буына пісіп, сорпасына қанып, сүйегі қатып үлгерген Омардың купеде бұзақылармен төбелесуін, Ұлмекендей беті жылтыр, бөксесі бұлтың келіншекпен күйіп-жанып әмпей болуын, милиционерге қылық көрсетуін қалай түсінуге болады. Қонақ болып барған үйінің ас бөлмесін аралап... маскүнем танысын үйіне алып келуін... бұдан басқа да әрекетке баруын байыптап көріңіз. Қорытынды: қаламгер әдеби таптаурын жолмен жүрмейді, ешбір қалыпқа, киноға сыймайды, бейне, қым-қуыт тіршіліктің қаз-қалпы көшірмесі, шежіресі секілді әсерге бөлейді.

Кейіпкердің бірде от, бірде мұз болып күйіп-жануы, әсіре білгіш болып көріну, әсіре әсершілдік оқырманды ну тоғай ішіне енгізіп жіберіп: «ал, көкешім, осыдан өзің жол тауып шық!» дегендей, мегзеу... тұспал... метаморфозалық құбылыс – қаламгердің кәнігі тәсілі.

Тілі мейлінше қарапайым, тігісі жатық құйып қойғандай киімге келеді. Кейіпкер мінезіне еркін бойлаған кезде бет шырмалап, ішінен тұнған, тереңінен қайнап үйіріліп аққан иірім секілді, оқырманның сезім түйсігіне әсер етіп, шыркөбелек айналдырып, тұңғиығына тартып әкелері кәміл. Әлгі қарапайымдылық астары мол, айтары алыс жұпта ой тұңғиығына тарта түседі.

Бір ауыз сөз Әкім Таразидың пьесалары хақында.

Жазушы драма саласында жарты ғасыр ға жуық бір кісідей еңбек етіп келеді.

Мысалға, «Жақсы кісі», «Тыныш көшедегі көгілдір үй», «Қыз махаббаты», «Індет немесе жаңа адам жасаймыз», «Жолы болғыш жігіт», «Люстра», «Лайнер», «Қос боздақ», «Ақын, періште, махаббат», «Муза», «Күнә» секілді драмалық шығарманың біразы сахнада қойылып үлгерді, біразы жазушы жинағында жарық көрді.

Біраз жыл сахнаның «сүйіктісіне» айналған «Жолы болғыш жігіт» пьесасының бас кейіпкері Танаш Ысқақов – жанама аты Асау Бөкен «Көкөзек» кеңшарында бөлімше меңгерушісі қызметінде жүріп елде жоқ жаңалық ашқан болады. Жаңалығы: бұрынғыдай 120 гектар қызылшаны егіп баптауға 200 жұмысшыны аяғынан тоздырмай-ақ, өз сөзімен айтқанда, бөлімшені нарядсыз звенолық тәртіпке көшіріп, 23 кісімен күллі шаруаның үдесіне шығудың жолын тапқан. Бұл ойын қағазға түсіріп, ауданды, облысты, одан қалды астананы шулатып жүріп құйтақандай кеңшарға ит өлген жырақтан ғалымдарды шақырып әлекке түседі. Кеңшардың аты затына сай – жілік майы жіңішкеріп көкөзек болған, ұжым мүшелері кілең сіңіріне ілініп, қалт-құлт етіп күнелткен, тиесілі шаруасын әзер атқарған сыңар езу сайқымазақ жандар. Осы шаруаға бас-көз болады деген басшының сөзі «мейлің білсін», «әліптің артын бағайық», «байқандар», ғалым Болатов қорғаншақ, жоғарыда отырған Мүйіззов алдына барған кісіні сүзіліп салқын қарсы алғаны болмаса, тіс жарып, ой қорытып, мәселеге жаны ашып ләм деп пікір айтпайтын адам.

Асау Бөкеннің пікірін қолдап, жаңалығын жариялайды деген ғалым кісілер әлгіндей болғанда, аз адаммен көп шаруаны тындырарлық деген жаңалықты жарға сүйреген арқандай етіп, артын құрдымға жіберген Асан Кірпішбай секілді қара басының қамынан аспайтын белсенді басшылардың мінезі шынайы шыққан.

Жақсы бастамаға ұйытқы болады деген Асанның сиқы: некелі әйелін жындыханаға жатқызып, сыртынан өлді деген сөз ілестіріп, совхоз директоры Тана есімді қызбен әмпей болып есі кетіп жүреді. Жаңалық ашқыш Асау Бөкен: екі ауыз сөздің басын құрап айта алмай, елде жоқ звенолық тәртібін көпшілік жиналыста кекештеніп, тұтығып, әр нәрсенің басын бір шалып, қаңғымалап, міңгірлеп әрең баяндап шығады. Адам таңғаларлық әлгі жаңалығы алма ағашының түбінде шалқасынан түсіп ұйықтап жатқанда санасына сарт ете қалғанын айтып сандырақтайды.

Алтынтіс есімді кәрия ауылдағы кісілердің арғы тегі кім екенін керегі болып қалады деп жинап жүретін кертартпа жан, жөппелдеме жиналыс үстінде алтын тісінің бірін жұтып қойып, сол құрғырды қашан түседі деп, дәретханаға жүгіруімен күн өткізген

пенде. Жолы болғыш жігітіміз Асау Бөкен бе, әлде Асан ба, әлде Кірпішбай ма – арзан күлкіге қарық болған көрермен кеңестік дәуірдегі көзбояушылық, арзан жаңалық ашу, ауызбен орақ ору, көрермізбен күн өткізу секілді дертті аяусыз шенейтін пьесаға айызы қанары анық.

Драматург адам жанының қалтарыс құпиясын ашуға шебер. Біраз пьесалары әлгі айтқан қалтарыс-құпияның қанжынын шығарып, көрерменнің көзіне аймандай етіп ақтарып көрсетуімен құнды.

Жазушы – өмір зерттеушісі. Кез келген шығарманы өмірге әкелмес бұрын оқи ғасына зер салып іштей зерттеп толғағына тоғытады. Керек десе сол шығармасын өмірге әкелмесе ас ішіп қамсыз жатып ұйықтап алудан да қол үзеді. Қашан көрсең толқынды толғаныста жүреді. Бұл сөзімізге жеке кітап болып шыққан, кейін көркем фильмге айналған «Мұстафа Шоқай» толық дәлел бола алады.

Әкім қаламгер бәзбір жазушыға ұқсап өзін өзі жиі жарнамалаудан мүлде аулақ. Тіпті жаңадан кітабы жарық көріп жатса шығармашылық мінезінен күрт айнып, әркімнен бір пікір сұрап жүрмейді. Біреулер мадақтап мақтауын асырып жатса – соған бола толқып, тебіреніп кетпейді. Бірқалыпты, сабырлы, мәйін, үлкен ағысты дарияға ұқсаған мінезбен жүреді. Француздың ұлы жазушысы Бальзак айтқандай: әр суреткер өзін өзі жазады.

Сол секілді жазушы сабырлы, сыр баз мінезбен кейіпкер бойындағы ар тықкем тұстарды қалт жібермей қадағалай отырып, әлгі адамның сол мезеттегі жан сырын, сезім суретін сызып беруге шебер.

Соңғы жылдары жазған хикаяттардың кез келген бетін ашып, оқи бастасаң-ақ арғы жағынан бірсыдырғы сабырлы мінездің самал желі есіп тұрғандай сезіледі. Осы бір туындының атауын арқалап тұрған «Тырна, тырна, тырна лар» әңгімесін нағыз қазақылықтың қаймағын бұзбай өмірге әкелді дер едік. Бала кезімізде ауыл кәрияларын көптыңдап өстік қой. Солардың арасында мінезі тіркіс болса да аса көреген, әрі керемет әңгімешіл шежіре жандар болушы еді. Және оларды ауылдың барша жұрты бірдей құрметтеп сыйлайтын. «Тырна, тырна, тырналар» туындысынан біз осыны аңғардық. Ауруханаға өз аяғымен келіп тұрып «абакты» секілді жерге келгенін өзгеден көрген Бурахан кәрияның өн бойынан қазақы мінез сезіледі. Жүріс-тұрысынан, сөз сөйлеу мәнерінен анық аңғарасыз. Туындыны оқып отырып бейне қойылым көріп отырғандай әсерге бөленесіз.

Қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің ажырамас бір бөлігі ретінде ұлт рухының, мәдениетінің дамуына, рухани сананың, тарихи танымның қалыптасуына үздіксіз қызмет етіп келеді. Көне дәуірді, арғы заманды айтпағанның өзінде XVIII ғасырда құдай қазаққа Бұқарды, XIX ғасырда Абайды, XX ғасырда Мұхтар Әуезовті, Мағжан Жұмабаевты берді. Сол ғасырдың алпысыншы жылдарында «халық жауларының» төлеуі болып әдебиетімізге құлын-тайдай жарысқан, қоғалы көлдей жарасқан, жұлдызы жарқыраған, үркердей жаңа лек келді: Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Әбіш Кекілбаев, Қалихан Ысқақов, Сайын Мұратбеков, Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Смағұл Елубаев. Осы органың салмақтысының да, ардақтысының да бірі – Әкім Тарази.

Ұлттық сананың оянуы мен тарихи сананың жаңғыруына Әкім Тарази бастаған толқынның қазақ әдебиетінде сіңірген еңбегі зор. Осы буыннан кейін қаламына сүйеніп сең бұзған тұтас толқын туған әдебиетімізде тәуелсіздікке дейін де, одан кейін де болған жоқ.

Тойған қозыдай монтпаған, ақырын жүріп, анық басатын, ортасына сыйлы азамат Әкім Тарази 1933 жылы қыркүйек айында Алматыда туады. Ата-анасы Әкімнің алты айлығында Шу стансасына көшіп, балалық шағы сон да өтеді. КазПИ-ді бітіреді. Ұзақ жылдар газет-журналдар да қызмет етеді. «Литературная газетаның» Қазақстандағы меншікті тілшісі де болды. Қазақстан кинематографистер одағын басқарады. Жазушылар одағының хатшысы қызметін де атқарады.

Әкім Тарази базбіреулер сияқты көзін тырнап аша салысымен қолына қалам ұстаған жоқ, әдебиетке ұйқысын қандырып келді. Жазушының нені жазса да иін қандырып, иландырып жазатыны содан.

Әкім Тарази әдебиеттің үш саласына бірегей үлкен үлес қосты. Ол – прозаик, драматург, киносценарист. «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Кен», «Жаза», «Шер», «Қорқау жұлдыз», «Махаббат жыры», «Қиянат», «Мұстафа Шоқай» романдары қазақ романын марқайтты. Романға бергісіз «Құйрықты жұлдыз», «Үлкен ауыл», «Асу-асу», «Көк жиек» секілді повестері осы жанрдың мәртебесін көтерді. «Күлмейтін комедиясы», «Жақсы кісісі», «Жолы болғыш жігіті», «Қос боздағы» қазақ драматургиясының табысына айналды. «Тұлпардың ізі», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Мұстафа Шоқай» фильмдері қазақ кино өнерінің алтын қорына қосылды.

Әкім Тарази қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын өз соқпағын салды, өз стилін, өз характерін қалыптастырды, тағдыры шым-шытырық, өмірі шырғалаңға, түрлі оқиғаларға толы, болмыстың өзінен алынған өз кейіпкерлерін әкелді. Өзі өмір сүріп отырған дәуір адамдарымен де, өзінен кейін кележатқан ұрпақпен де сырласа алатын терең ойдың, тірі сөздің хас шебері талай роман, талай хикаят, талай әңгіме, талай пьеса жазу барысында қаншама жаны ауырып, жүрегі сыздады. Қанша азапқа түсті десеңізші! Мұны жазушылық азапты басынан кешкендер ғана біледі. Басқасын айтпағанның өзінде бір ғана Мұстафа Шоқай туралы роман жазуға оншақты жылын сарпетіп, өзінің бас кейіпкерімен бірге алысып, арпалысып, ұлты үшін азапқа да, тозаққа да түскен Әкім Ұртайұлын жақсы түсінеміз.

Әкім Тарази – терең зерттеуші, тағылымды тарихшы, көне мұраларымыздың бітікшісі. Қазақ тарихына, қазақ руханиятына тікелей қатысы бар Якинф Бичуриннің мұраларын аударған ерен еңбегінің де бағасын қазақ әлі берген жоқ. Әкім ағаның сұхбаттарындағы, әңгімелеріндегі байсалдылық пен тереңдіктің де сырын ешкім әлі ашқан жоқ. Момақан болып көрінген кескіні де, аңдап басқан жүрісі де, ойдың тұңғиығына батқан келбеті де, ешкімге ұқсамайтын табиғаты да шешілмейтін жұмбақ, ашылмайтын ақиқат сияқты болады да тұрады. Оның осындай тұла бойынан, жаратылысынан баяғы ұлы бабалардың асыл қасиетін көргендей боламыз. Кісінің шын қарапайымдылығы – ұлылығынан, ал ұлы болуы тектілігінен дейтініміз де, ұлық болсаң кішік бол дейтініміз де осы болуы керек.

Тілі сынаптай таза, күмістей кіршіксіз әдебиет – өнердің асылы, ұлттың жаны мен рухы. Әдебиеті болмаған жұрт тілі шықпаған бала сияқты. Ұлы Абай ұлттың рухани көсемі дәрежесіне алдымен әдебиет арқылы жетті. М.Әуезовті де, Ғ.Мүсіреповті де жұртшылық сол жазушылық өнері үшін де алақанына салды. Сондай саз өнерінің иесі, шығармалары арқылы қалың елінің сүйіспеншілігіне бөленген жазушы Әкім Тарази құдай берген талантының арқасында бүгінде туған жерінің, өсіп-өнген өлкесінің төрінде отыр.

Иә, оның орны елінің төрінде.